

 NAZARBAYEV UNIVERSITY	«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы		
	Бекіткен орган:	Провост	
«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасының бұрынғы білім алушыларын қайта қабылдау туралы қағидалар			
Бекітілген күні:	30.11.2021ж.	Күшіне енгізілген күні	09.08.2021
Шешімнің/хаттаманың №:	№ 147-н/қ		
ІНҚ жіктеуші:	2. Академиялық қызмет		
Бастамашы:	Ребекка Картер Регистратор және студенттердің үлгерімі жөніндегі бас директор		
Өзара байланысты күжаттар	1. «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдер		

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының бакалавриат бағдарламасының бұрынғы білім алушыларын қайта қабылдау туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының (бұдан әрі – Университет) бүкіл бакалавриат бағдарламасының бұрынғы білім алушыларының контингентіне қолданылады.

2. Осы Қағидалар Университеттің басқа да ішкі рәсімдерін толықтырады.

2. Терминдер мен анықтамалар

3. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

Бұрынғы білім алушы – Университеттегі бакалавриат бағдарламасының кем дегенде бір семестрін аяқтаған және өз еркімен шығарылған немесе соңғы 5 (бес) жыл ішінде Университеттен мәжбүрлі түрде шығарылған жеке тұлға.

Қайта қабылдау – Университетке бұрын бакалавриат бағдарламасы бойынша қабылданған, Университеттегі бакалавриат бағдарламасының кем дегенде бір семестрін аяқтаған және бағдарламаны аяқтамай мәжбүрлеп немесе өз еркімен оқудан шығарылған және оқуды аяқтап, бакалавр дәрежесін алу үшін оралғысы келетін бұрынғы студенттер үшін қайта қабылдау процесі.



Дәреже берілмейтін оқудағы студент – бакалавр дәрежесіне үміткер емес және әр жаңа семестрге немесе пәнге тіркелуге білім алушы.

3. Қайта қабылдау

4. Тәртіптік себептер бойынша оқудан шығарылған бұрынғы білім алушылар қайта қабылдау үшін қаралмайды.

5. Жақында мәжбүрлі түрде немесе өз еркімен оқудан шығарылған бұрынғы студенттер қайта қабылдау туралы өтінішті мәжбүрлі түрде/өз еркімен оқудан шығару туралы Шешім қабылданғаннан кейін бір жыл өткен соң ғана бере алады.

6. Егер бұрынғы білім алушы университетте 2 (екі) жыл немесе одан көп уақыт оқымаған жағдайда, ол сол оқуға түсу жылына қолданылатын қабылдау критерийлерімен анықталған ағылшын тілін білу тестінен өтуі тиіс.

7. Қайта қабылданған бұрынғы білім алушылар ақылы негізде оқитын болады. Тікелей қайта оқуға қабылданған білім алушы университеттің ішкі құжаттарына сәйкес грант алуға немесе кез келген қаржылық қолдауға қаралуы мүмкін. Грант немесе кез келген қаржылық қолдау қолжетімді болған кезде қаралады және кепілдік берілмейді. Оқу бағасы, төлемі және кез-келген қаржылық қолдау туралы барлық сұрақтар Bursar's Office-ке жіберілуі керек.

8. Қайта қабылдау кезінде бұрынғы білім алушылар кез-келген бакалавриат бағдарламасына, тіпті егер ол бұрынғыдан өзгеше болса да өтініш бере алады.

9. Бұрынғы білім алушылар кез-келген семестрдің басында сабақ бастау үшін қайта қабылдауға өтініш бере алады.

10. Бұрынғы білім алушылар оқуға қайта түсу үшін қайтып келуді жоспарлаған семестр басталғанға дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын құжаттарды тапсыруға жіберіледі. Бұл құжаттар Регистратор офисіне (бұдан әрі – Офис) ұсынылады.

4. Қайта қабылдау санаттары

11. Қайта қабылдау мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

1) Тікелей қайта қабылдау, бұл ретте CGPA (үлгерімнің жалпы орташа балы) 2,00-ге тең немесе одан жоғары бұрынғы білім алушылар тікелей қайта қабылдануға құқылы. Қайта қабылдау туралы Провост Шешімінің негізінде олар Университетте таңдалған бағдарламаның бакалавриат студенттері болады.

2) Дәреже берілмейтін оқу, бұл ретте CGPA 2,00-ден төмен бұрынғы білім алушылар дәреже берілмейтін оқудағы студенттер ретінде қабылданады. Оларға 2,00 немесе одан жоғары CGPA деңгейіне жету үшін ең көп дегенде бір оқу жылы беріледі. Осы шартты сәтті орындағаннан кейін олар тікелей қайта қабылдау құқығына ие болады.



Жоғарыда аталған уақыт кезеңінің соңында талап етілетін CGPA-ге қол жеткізе алмаған дәреже берілмейтін оқудағы студенттер Университетте оқуын дәрежесіз аяқтайды және ресми транскрипт алады.

5. Қайта қабылдау тәртібі

12. Қайта қабылдау туралы өтініш беру үшін бұрынғы білім алушы Офисте қолжетімді қайта қабылдау туралы өтініш нысанын толтыруы керек. Барлық қажетті қолдарды алғаннан кейін бұрынғы білім алушы Офиске барлық растайтын құжаттармен бірге өтінішті береді.

13. Қайта қабылдау үшін бұрынғы білім алушы мыналарды ұсынады:

1) Эссе немесе уәждемелік хат.

2) Түйіндеме немесе қажет болса, кез келген басқа қосымша құжаттар.

14. Егер қайта қабылдау үшін құжаттарды үшінші тұлға бұрынғы білім алушының атынан берген жағдайда, құжаттарды тапсыруға тиісті нотариалды куәландырылған сенімхат қоса берілуге тиіс.

15. Өтініш нысанын растайтын құжаттармен бірге алғаннан кейін Офис келесі қосымша құжаттармен бірге пакет дайындайды:

1) білім алушының ресми транскрипті;

2) барлық растайтын құжаттармен бірге өз еркімен /мәжбүрлі түрде оқудан шығару туралы шешімнің көшірмесі.

16. Офис пакетті дайындап, бұрынғы білім алушының өтініші және осы Қағидалардың 11 және 13-тармақтарына сәйкес растайтын құжаттар негізінде қызметтік жазбаны Мектеп Деканына ЭҚЖ (бұдан әрі – Электрондық құжат айналымы жүйесі) арқылы жібереді.

17. Мектеп Деканы Университет Провостына қайта қабылдау санаты негізінде бұрынғы білім алушыны қайта қабылдау туралы ұсыным беруге немесе өтінішті қабылдамауға құқылы. Сондай-ақ, Мектеп Деканы ұсыным жасау жөніндегі комитетті шақыра алады.

18. Мектеп Деканының ұсынымы негізінде Университеттің Провосты бұрынғы білім алушыны қабылдайды немесе қабылдамайды.

Қабылданған жағдайда бұрынғы білім алушы Мектеп Деканының ұсынымы негізінде бағдарламаға тікелей қайта немесе дәреже берілмейтін оқуға қабылданатын болады. Бұрынғы білім алушы Офистің хабарламасымен бірге Мектептен оқуға қабылдау туралы хат алады. Қабылдау туралы хатта қайта қабылдау түрі көрсетілуі керек.

Қабылданбаған жағдайда бұрынғы білім алушы Офистің хабарламасымен бірге Мектептен оқуға қабылданбағаны туралы хат алады. Бұрынғы білім алушының қайта қабылдау туралы өтініші бұрынғы білім алушының жеке ісінде сақталады.

19. Мектеп Деканы Университеттің Провосты ұсынымды бекіткеннен кейін келесі ақпараты бар пакетті дайындап, оны ЭҚЖ арқылы қызметтік жазбамен Офиске жіберуі тиіс:

1) Провосттың бекіту туралы ақпараты бар Мектеп Деканының ұсынымы.



- 2) Қайта қабылдау санаты.
- 3) Күтілетін оқу бітіру күні бар семестрлік оқу жоспары.
- 4) Егер бар болса, білім алушыға жасалатын жағдайлар.

5) Білім алушының жағдайлары мен оқуын бақылау жөніндегі жауапты эдвайзердің толық аты-жөні.

20. Офис оқу ақысын есептеу және білім алушымен Шарт жасау үшін Bursar's Office-ті ЭҚЖ арқылы Мектеп Деканының ұсынымы мен оқу жоспары туралы қызметтік жазбамен хабардар етеді.

21. Егер бұрынғы білім алушы тікелей қайта қабылдау бағдарламасына қабылданса, Офис Мектеп Деканының ұсынымы негізінде Шешім жобасын дайындайды. Шешімге Провосттың қолы қойылады және тіркелген сәтінен бастап күшіне енеді.

Шешім тіркелгеннен кейін білім алушының Университеттегі электрондық поштасының есептік жазбасы қайта қалпына келтіріліп, MyRegistrar, LMS жүйесіне, Кітапханаға және басқа да университет жүйелеріне қолжетімділік ұсынылатын болады. Білім алушы студенттік ИД картасын алуға жауапты болады.

22. Егер бұрынғы білім алушы дәреже берілмейтін оқуға студент ретінде бағдарламаға қабылданса, онда Мектеп Университет Мектептерінің қысқа мерзімді білім беру бағдарламаларын ұсыну қағидаларына сәйкес білім алушымен Шарт жасасады.

Шартқа қол қойылғаннан кейін білім алушының Университеттегі электрондық поштасының есептік жазбасы қайта қалпына келтіріліп, MyRegistrar, LMS жүйесіне, Кітапханаға және басқа да университет жүйелеріне қолжетімділік ұсынылатын болады. Білім алушы студенттік ИД картасын алуға жауапты болады.

23. Егер бір оқу жылы өткеннен кейін бұрынғы білім алушы 2,00 немесе одан жоғары мөлшердегі талап етілетін CGPA-ға жетсе, ол тікелей қайта қабылдану құқығына ие болады. Бұл ретте, Мектеп Деканы келесі ақпараты бар пакетті дайындап, оны ЭҚЖ арқылы қызметтік жазбамен Офиске жіберуі тиіс:

1) Тікелей қайта қабылдау үшін Мектеп Деканының ұсынымы және студенттің транскрипті.

2) Күтілетін оқу бітіру күні бар семестрлік оқу жоспары.

3) Егер бар болса, студентке жасалатын жағдайлар.

4) Студенттің жағдайларын және оқуын бақылау жөніндегі жауапты эдвайзердің толық аты-жөні.

Офис оқу ақысын есептеу және білім алушымен Шарт жасау үшін Bursar's Office-ті ЭҚЖ арқылы Мектеп Деканының ұсынымы мен оқу жоспары туралы қызметтік жазбамен хабардар етеді.

Офис Мектеп Деканының ұсынымы негізінде Шешім жобасын дайындайды. Шешімге Провосттың қолы қойылады және тіркелген сәтінен бастап күшіне енеді.

Шешім тіркелгеннен кейін білім алушының мәртебесі дәреже берілмейтін оқудағы студенттен тікелей қайта қабылданған студент болып жаңартылады.



5. Пәндерге тіркелу

24. Оқу жоспарына негізделген барлық пәндерге тіркеуді білім алушы тікелей қайта оқуға қабылданған білім алушылар үшін де, дәреже берілмейтін оқудағы студенттер үшін де тіркеу кезеңі ішінде жүзеге асырады.

6. Білім алушыларға берілетін артықшылықтар

25. Тікелей оқуға түсетін білім алушылар және дәреже берілмейтін оқудағы студенттер Университет белгілеген шарттарға сәйкес Университеттің білім алушыларына қолжетімді барлық жеңілдіктерге құқылы.

26. Университеттің бакалавриат студенттеріне қолданылатын барлық академиялық ережелер мен рәсімдер тікелей қабылдау бағдарламаларының студенттеріне және дәреже берілмейтін оқудағы студенттерге қолданылады.

7. Аяқтауға қойылатын талаптар

27. Оқуды бітіру үшін тікелей қайта қабылданатын білім алушылар Университетте өздерінің соңғы 24 (жиырма төрт) ECTS алуы тиіс.

28. Тікелей қайта қабылданған білім алушылар Университеттің бакалавриат бағдарламаларына арналған академиялық қағидалар мен рәсімдерге және Университеттің бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқу бітіру саясаты мен рәсімдеріне сәйкес дәреже алуға қойылатын барлық талаптарға сай келуі керек.

29. Қажетті уақыт кезеңі ішінде бұрын берілген шарттарды орындай алмайтын дәреже берілмейтін оқудағы студенттер Шарт негізінде Университетпен кез келген байланысты тоқтатады.

Дәреже берілмейтін оқудағы студенттің оқу барысында алған барлық кредиттері, бағалары, орташа балы мен үлгерімнің жалпы балы білім алушылардың жеке жазбаларында қалады.

8. Қорытынды ережелер

29. Осы Қағидаларда қамтылмаған мәселелер Университеттің ішкі саясатымен, қағидаларымен және Анықтамалығымен реттелетін б

